

**Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен
әдебиеті**

Бір дұрыс жауабы бар тапсырма

1. Мағыналары қарама-қарсы сөздер қатары
- A) ұзын, аласа
 - B) кара, аш
 - C) көне, жаңа
 - D) ашық, биік
 - E) жау, қорқақ

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырма

2. Абайдың надандық, жалқаулықпен күреске шақырған туындылары
- A) «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ»
 - B) «Біздің көңіл қайда жатыр»
 - C) «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым»
 - D) «Желсіз түнде жарық ай»
 - E) «Өлең – сөздің патшасы»
 - F) «Сабырсыз, арсыз, еріншек»
 - G) «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат»
 - H) «Әбдірахман өліміне»

Мәнмәтіндік тапсырма

1-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Аттылар үйдің сыртына келе бергенде алдарында, сол үлкен үй мен күншығыс жағына тігілген қонақ үйдің екі арасында бұларды күткен бір топ жан тұр екен. Бұл топқа қарай ауылдың үлкендері де жан-жақтан дабырлап сөйлеп, ағылып келіп жатыр.

Биыл оның жасы он үшке толған еді. Бойы өскен. Қол-аяғы ұзарған. Бұрын мұрны шолақтау болушы еді, биыл біраз ұзарып қалыпты. Бет-бейнесі баладан гөрі іріленкіреп, бала бозбалалық қалпына бейімденген. Бірақ әлі сол мүсінде үлкендік жоқ. Толық, балғын емес. Сидиып, арықтап, құр созылған сияқты. Күн көрмей өскен реңі солғын, бойшаң ғана өсімдік бейнелес. Сұйықтау қоңыр шашының арасынан бас күйкасы қылаңданып көрінеді.

1. Мәтіннің стилі
- A) ресми-іскерлік
 - B) публицистикалық
 - C) ауызекі сөйлеу
 - D) ғылыми
 - E) көркем-әдеби

2. Мәтіннің авторы

- A) С.Мұқанов
- B) Ғ.Мұстафин
- C) І.Есенберлин
- D) Ғ.Мүсірепов
- E) М.Әуезов

3. Бұл мәтін кейіпкерінің түр-тұлғасын суреттеу _____ деп аталады.

- A) пейзаж
- B) кейіптеу
- C) лирика
- D) толғау
- E) портрет

4. Аттылар үйдің сыртына келе бергенде алдарында, сол үлкен үй мен күншығыс жағына тігілген қонақ үйдің екі арасында бұларды күткен бір топ жан тұр екен. Асты сызылған троптың түрі:

- A) метонимия
- B) синекдоха
- C) аллегория
- D) кейіптеу
- E) метафора